



# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАҢДАУЛЫ 25 КІТАБЫ

Эдмунд Гуссерль (1859–1938)

4-тарау. Қазіргі философия





Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы  
Тарау: 3. Неміс философиясы  
Дәріс: 19. Эдмунд Гуссерль (1859–1938)

## Уақыттың ішкі санасы феноменологиясының дәрістері (1905)

Эдмунд Гуссерль Австро-Венгрияда дүниеге келген. 1870 жылдан 1876 жылға дейін Ольмюцтегі лицейде білім алады, одан кейін Лейпциг университетіне жазылып, 1876–1878 жылдары астрономия курсын өтеді, содан соң 1878–1881 жылдар аралығында Берлинде математиканы оқиды. 1882 жылы Гуссерль Венада математикадан диссертация қорғап, бір жылдай Берлинде ассистент қызметін атқарып, философияны Франц Brentano мен бірге зерттеу үшін қайта оралады. Өзінің біліктілігін көрсеткен соң Гуссерль университетте приват-доцент атағын алады. Ол 1887 жылдан 1901 жылға дейін Халледе болады. Осы кездері ол математикаға, ғылым философиясына қызығушылық танытып, логикалық зерттеулерін жариялай бастайды. Содан соң өзін профессор ретінде тағайындаған Геттингенге аттанады, оның феноменологияда тың жол ашқан логикалық зерттеулерінің екі томы сол кезеңде жарыққа шығады. 1905–1907 жылдары феноменология мен психология арасындағы қатынас туралы мәселе көтеріп, уақыт пен кеңістік тақырыбында сабақ жүргізеді... Бұл оның өз философиясын, нақтырақ айтқанда, «феномендер» теориясын негіздеп жатқан уақыты болатын. Аса жоғары сезімталдықтың тізбегінен шығарып тастап, ол феномен ұғымына тиесілі өзіндік мағынаны даралайды. Объектілердің шартты немесе материалды болуы маңызды емес, олар қандай күйде көрініп тұрса, сол күйінде сипатталуы тиіс. Эдмунд Гуссерльдің жетекшілігімен тұтас бір мектеп құралады: Эдит Штайн, Роман Ингарден, Александр Куаре, Макс Шеллер – оның алғашқы шәкірттері. 1916 жылы Берлиндегі қызметтен бас тартып, Фрибургке аттанып, 1923 жылға дейін сол жерде мақсатты түрде, қызу жұмысқа кіріседі. Бұл жерде де ол жаңа орта қалыптастырды, олардың ішінде Мартин Хайдеггер, Юджин Финк, Людвиг Ландгребе болды. Гуссерль 1929 жылы зейнетке шығып, қызметін өзінің ең жақын шәкірті Мартин Хайдеггерге тапсырады. Гуссерльдің еңбегі орасан зор. Ол XX ғасыр философиясы «реформаторларының» ішіндегі ең майталманы екені күмәнсіз. Оның көздеген мақсаты – барлық батыс философиясына жаңа негіз қалау еді және ол сол мақсатына жетті де. Гуссерльдің зерттеуі қазіргі философияға да түрткі болып отыр. Ол ақырында білімнің қайнар көзі мен оның тиімділігін анықтағысы келеді. Бір жағынан шындықтың бұлжымайтын құрылымына жүгініп, екінші жағынан болмыс пен білімнің негізі саналатын аса сезімтал санаға сүйеніп, Гуссерль адамды XIX ғасырдың ғылымымен шыңдалып, кемеліне жеткізілген, бүтін тұлға деп таниды.

Біз «Уақыттың ішкі санасы феноменологиясының дәрістерін» ұсынып отырмыз, өйткені 1905 жылы жүргізілген курста ұсынылған бұл зерттеулер жинағы, жоғарыда айтқанымыздай, Гуссерльдің дамуындағы жаңа саты. Аса күрделі мәселелерді зерттеуімен, философ өзінің ғылымдағы салмақты орнын айқын белгілеген. Уақыт – соның елеулі бір көрінісі. Гуссерль уақытқа интенционалды қысқару ұғымдарын теліп, оған феноменологиялық талдау жасауға тырысады. Ол интенционалды өмірдің генеалогиялық дамуын уақытқа еніп кету тәсілімен сәйкестендіреді. Мән-мағына қалай құрылады? Саналы тіршілік иелері мерзімділіктен, темпорализациядан қалай пайда болады? Бұл мәтін 1928 жылы Мартин Хайдеггердің арқасында жарыққа шықты. Ол осы басылымның алғы сөзінде былай деген: «Бұл еңбектегі сананың интенционалды болмысын бөліп көрсету шешуші мәселе және интенционалдықтың өз ұстанымында орныққан үдемелі айқындық... Қазірдің өзінде бұл айқындық құпия сөз емес, өзекті мәселенің тақырыбы болып тұр».

### Түйін

Алғы сөзінде Гуссерль уақыт санасын, таным теориясында да, бейнелеу психологиясында да, зерттеудің ең бір нәзік пәнін талдауға ниеттеніп отырғанын жариялайды. Уақыттың не екенін біз бәріміз білеміз. Алайда объективті уақыт пен субъективті сананың арасындағы қатынасты немесе объективті уақыттың субъективті санаға қалай сиятынын түсінгіміз келсе немесе уақыттың субъективті санасын талдап, өткен уақыттың феноменологиялық мазмұнын білгіміз келсе, біз ақиқат қайшылықтарға, нағыз қиындықтарға ұрынамыз.

Гуссерль Brentanoның қабылдау мен қиял туралы курсындағы уақытты талдағанын сынаудан бастайтынын түсіндіреді. Гуссерль бұл курсты 1886 жылы жазғы семестрде жүргізген,



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 19. Эдмунд Гуссерль (1859–1938)

бірақ жарияламаған. Ол уақыт санасына феноменологиялық сараптама жасамақ болды. Бұл үшін объективті уақытты қолданыстан шығару керек. Феноменологиялық уақытты оқшаулау үшін ол объективті уақытқа қатысты барлық болжамдарды, байламдарды және тұжырымдарды жоққа шығарады. Объективті уақытты зерттеуге болады, бірақ ол феноменологияның тақырыбы емес. «Нақты зат пен нақты әлем феноменологиялық саннан басқа ештеңе де емес, жаратылыстану ғылымдарының ұғымындағы әлемдік уақыт та, заттандырылған уақыт та, табиғи уақыт та, нысанасы психика болатын жаратылыстану ұғымындағы психологиялық уақыт та, тура сондай сан» (Э. Гуссерль).

Гуссерль біз өмір сүріп жатқан кеңістік пен уақыттың эмпирикалық емес екенін көрсетеді. Біз үйді немесе бастан кешкен сәтті қабылдаған кезде, олар туралы ерекше бір экзистенциалды түсінік аламыз. Уақытты, бастан кешкен сәттерді қабылдау объективті мәнде уақытшалық көрініс табатын феноменологиялық сандар саналады. Тура осылай бастан кешкен сәттер де феноменологиялық болып келеді, олар кездейсоқ уақытша мәндер ретінде уақытты қабылдауды ерекше көрсетеді. Бірақ мұның барлығы объективті уақыт емес: «бастан кешкен дәл осы уақыт өз ішінде алсақ, бұл объективті уақыттың нүктесі емес. Объективті уақыт өтіп кете алмайды. Феноменология болса, өткенмен айналысады. Орынның, сапаның өмір сүрген мезетін орынның немесе түстің объективтілігімен шатастыруға болмайды. Кейде қабылданған және объективті «қызыл түстің» басып озуы мүмкін, бірақ Гуссерльді қызықтыратыны – тек қана қабылдау, бастан кешкен «қызыл түс». Феноменологиялық «сезінуді» заттың объективтілігіне жетелейтін «қабылдаудан» ажырата алу керек. Бұл екі ұғымды ажырата білу дегеніміз – таным феноменологиясын жасау болмақ.

Уақыт болмысының бұл тұжырымдамасы уақыттың пайда болу мәселесіндегі феноменология мен психология арасындағы айырмашылықты түсінуге мүмкіндік береді. Феноменолог үшін шығу тегі туралы сұрақ интуициялық және төл модустардағы уақытшалықтың бүкіл анық заттардың алғашқы қайнар көзі секілді құралатын тұрпайы формасына бағытталады. Гуссерльдің ойынша, бастан кешкен сәттер бірде-бір шындыққа араласпауы керек: «Біз шындықпен өзінің айқындалған, көрсетілген, интуициямен қабылданған, тұжырымды түрде таразыланған мөлшерде ғана араласуымыз керек. Уақыт мәселесіне келгенде бұл мынаны ғана білдіреді: бізді тек бастан кешкен уақыт аралығы ғана қызықтырады. Шығу тегі мәселесіне келер болсақ, уақыт санасының қалай туатынын, нақтырақ айтқанда, әр уақытқа тиесілі алдыңғы және кейінгі уақытты зерттеу керек. Сабақтар үш бөлімнен тұрады, біз де осы құрылымды ұстанамыз.

## I. Уақыттың пайда болуы туралы Brentanoның теориясы

Біз бір әуенді тыңдап отырмыз деп елестетейік. Жаңа дыбыс пайда болған кезде алдыңғы дыбыс әлі із-түзсіз жоғала қойған жоқ. Әйтпесе біз бір-біріне ұласқан дыбыстардың арасындағы қатынасты түсіне алмас едік.

Әр сәт бізге тек бір ғана дыбысты берер еді, тіпті ноталарды алу арасында бос үзіктер болар еді. Әуенді біз осылай қабылдаймыз. Сөйте тұра, дыбыс туралы түсінігіміз санамызда сол қалпында қалмайды. Егер олар еш өзгеріссіз қалса, біз әуенді қабылдай алмас едік: бұл нағыз какафония болар еді. Демек, сезінудің нәтижесіндегі жүйкенің қозуы жоғалғанда өзгеше өзгеріс болады. Бұл сезім уақытпен анықталған бейнеге айналады. Уақыттың енгізген өзгерісі ұдайы дамып, бізге әуен туралы ұғым қалыптастыруға мүмкіндік береді: «Берілген әр бейнеге табиғат жаңа бейнелердің легін бекітіп отырады, олардың әрқайсысы алдыңғысының мазмұнын көрсетеді, ал әр келесі лек алдыңғы лекке өткеннің сәтін тұрақты бекітеді». Сөйтіп, қиял – өндіруші, ол «сәтті» жаңа шындық формасында жасайды, нақты айтқанда, «уақыттың сәтін» құрады, яғни уақытты түсінудің басы нақ осы қиялда. Brentanoға дейін осы мәселемен психологтар еш нәтижесіз айналысқан болатын. Көпшілігі уақытты сезіну имманенттіліктен, сезінудің лайықтығынан пайда болады деп есептеген. Субъективті сезілген ұзақтықты қабылдау сыртқы қоздырғыштың ұзақтығынан, табандылығынан, қайталануынан шығады. Бірақ қателікке осы жерде ұрынамыз.



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 19. Эдмунд Гуссерль (1859–1938)

«Сезімнің ұзақтығы және ұзақтықты сезіну – екеуі екі түрлі нәрсе... Сезімдердің кезекті реті және ретті сезіну екеуі бір емес», – дейді Э. Гуссерль.

Шынында да, сезіну қиялға тап болған кезде «үнемі өзгеріп отыратын уақыт сипатына ие болады. Сөйтіп, әр сәт өткен сайын мазмұн алыстай түседі». Бұл өзгерістің қозумен ортақ ештеңесі де жоқ, бұл – қиялдың өнімі. Сезіну тудыратыны: ол қиялдағы суреттің бойына уақыттың сипатын дарытып бедерлейді. Brentano бұл әрекетті «әуелгі ассоциация» деп атайды. Осыдан ол «реттік қабылдау мен өзгерісті қабылдау жоқ» деген тұжырымдаманы шығарады. Оның ойынша, біз әуенді естіп тұрмыз деп ойлаған кезде, шын мәнінде, бұл – әуелгі ассоциацияның жаңалығынан, жандылығынан туындаған елес, көрініс қана. Шексіз уақыт пен келешекті қабылдау да осылай: қиял бұрынғы өткен нәрсеге сүйеніп, келешектің суретін қалыптастырады. Brentano, сонымен қатар өткен шақтың немесе келешектің уақыт бірліктері өздері байланысқан сезімдік бейненің элементтерін анықтамайды, оларды өзгертеді. Тек осы шақ қана қабылдауды өзгертпейді. Бірақ сөйте тұра, осы шақ анықтай да алмайды. Бір ғана нәрсе анық, кез келген факт алда болатын, келетін өткен шағы бар нәрсе сияқты қабылданады. Гуссерль бұл теорияны психологиялық пайым ретінде сынға алады: Brentanoның бұл жерде айтып отырған бастан кешкен сәттері психикалық сипатта. Олар объектіленген. Олардың өздерінің уақыты, өздерінің қалыптасуы, өздерінің қайта өндірілу тәсілі бар. Осы тұрғыдан алғанда бұл жерде феноменология байқалмайды. Алайда бұл теорияда қазір оқшаулануға тиіс феноменологиялық бөлімі бар. Brentano «қазір» және онымен жалғасатын «өткен» ретімен келеді дегенде, «сананың осы шақ пен өткенді қамтитын бірлігі – феноменологиялық көрсеткіш» деуге болады. Гуссерль бұл жерде өткен шақ санада қиял режимінде пайда болады деген оймен ғана келіспейді. Ол уақыттық форма дегеніміз – уақыт мазмұны немесе онымен байланыстырылған жаңа мазмұндардың кешені деген оймен келіспейді. Brentano сенсуализм тәсіліне салып бәрін бастапқы қарапайым мазмұнға дейін қысқартса да, бастапқы мазмұндар мен әрекеттің сипаттарын бөліп тастауды өзінің ішкі түйсігімен сезінген алғашқы адам болса да, Гуссерль оның теориясы сол бір шешуші дәрежеге, атап айтқанда, уақыттың санасы – қарекет сипатына жеткен жоқ деп есептейді.

## II. Уақыт санасын талдау

Гуссерль уақыттың объектілерін қабылдау бір сәттік немесе созылмалы әрекет сияқты болатынын көрсетеді. Тура сол әуенді естігендегі мысалды алайық.

«Сонымен, әрдайым мен дыбыстың нақты фазасын және дыбыс жиынтығының объективті бөлігін ғана естимін, ол ұзақ естіліп тұрады, әрекет континуумында туындайды, бір жағынан естелік болса, екінші жағынан өте кішкентай, әрі нақты қабылдау болады және ең соңғы бөлігі – әлдеқайда кең болып жетеді». Біз әлі де Brentanoның теориясына жақынбыз. Соған орай Гуссерль біздің қабылдау сәттерін оқшаулап, қателесіп отырғанымыз туралы пікірін білдіреді. Сөз жоқ, олардың бар екені рас, талассыз және бар назарды тек соған ғана бағыттау керек немесе оларды одан да ұсақ бөліктерге бөлшектеуге болады (дыбыстың басы, ұзақтығы, соңы). Біздің сенімді бола алатын нәрсеміз – ең алғашқы қабылдауымыз. Әуен басталады. Одан соң, ол сорғалап құйылады. Әуеннің кез келген дыбысы кез келген сәтте континуумға үйлесіп өріле береді және дыбыстың қабылдануын «үздіксіздік» деп белгілеуге болады. Сөйтіп, біз объектінің ұзақтығының түрлі сәттерінің ағымын қабылдай аламыз:

«Дыбыстың осы шағы өткен шаққа айналады, үздіксіз ағылып жатқан қабылдау санасы жаңа, толассыз сақтап қалу санасына ұласады».

Сананың жаңа дыбысты сақтап қалуы – сол әуелгі бір нүктені шексіз өзгерту. Уақытты түйсіну тек қабылдаумен ғана жүзеге аспайды, өйткені: «Уақытша объект жылжып жатқанда, осы ұзақтық өтіп кеткенде, аяқталғанда, осы шақта қабылдайтын сана ретінде қызмет атқармаса да, түсініктірек етіп айтқанда, әсердің санасы ретінде, қазір өткен объектінің санасы осы ұзақтықпен сөніп қалмайды».

Сақтап қалатын өзгертудің табиғаты қандай? Уақытты сезінудің негізі оның ұзақтығының әр нүктесінде – бұл «жаңа ғана болып өткенді түйсінуде, жай объективтілік түрінде созылып



Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 19. Эдмунд Гуссерль (1859–1938)

өтіп жатқан осы шақты ғана түйсіну емес». Әуенді мысалға келтіргендегідей, сақтап қалу санасында, шын мәнінде, өтіп кеткен дыбыстың санасы бар. Егер алдында белгілі бір әсер қалмаса, сақтап қалу өз бетінше бар бола алмайды. Әсерсіз сақталу процесі де мүмкін емес. Содан соң уақыттың объектілері туралы сұрақ көтеріледі. Концертте естіген әуенді еске түсіру алғашқы еске түсіруден мүлдем басқа әрекет, өйткені бірінші рет естіген кезде мұның бәрі қашан аяқталатынынан бейхабармын. Әуелгі нүктеден бастама алып, оның аяғын білмей «дәл қазір өткенді» сақтап қалу үшін жұмыс істеймін. Ал екінші рет еске түсіргенде, керісінше, мен ұзақтықтың объектілігін қалыпқа келтіремін. Екінше рет еске түсіру әртүрлі формада өтеді. Ол өздігінен пайда болады немесе ол әдейілеп еске түсіріледі. «Сақтап қалудың негізінен біз қарапайым көру, ұстап қалу деген ниетті табамыз: сақтап қалу бірлігіндегі әуен аяқталғанда, оны жаңғыртпай-ақ, біз пассаж туралы қайта ойлай бастаймыз». Қабылдау осы шаққа да, ұзақтыққа да қатысты бола алады. Кейін «уақыттың объектісіне, әуенге тұтас қатысты сана бірлігін жаңғырту үшін осылай сақтап қалу санасы дыбысты санада демеп ұстап тұрады. Осы шақтың негізінде құрылып, пайда болып жатқан әрекет және сақтап қалу санасы уақыт объектісінің адекватты қабылдауы саналады». Уақыттың объектілері белгілі бір уақыт үзінде құрылады. Туындатушы уақыт әрекеттері осы шақ пен өткен шақты біріктіреді. Қабылдау мен қабылдамау үнемі бір-біріне ауысып отырады. Ал уақыттың объектілеріне қатысты, осы шақты қабылдаудан континуумды түйсінуге өтіп, үнемі өзгеріп отыратын біртұтас континууммен бетпестік келеміз.

Қабылдау дегеніміз – затты өз болмысымен көрсететін әрекет, ал жаңғырту дегеніміз – қайталап елестету («қайта елестетуді» Гуссерль енгізген).

Реттілік санасы – әуелгі сыйлық жасаушы сана. Ал еске түсіруде мен, керісінше, осы реттіліктің санасын «қайталаймын». Мен оны қайталап еске түсіріп, елестетемін. Сақтап қалу мен жаңғыртудың айырмашылығы неде? Бірінші еске түсіру әуелгі сыйлық жасау әрекеті саналады. Екінші рет еске түсіргенде, керісінше, жаңғырту – қиялдың еңбегінің нәтижесі, қайталап елестету. Әуелгі сана, әсер немесе қабылдау дегеніміз – үнемі сөніп отыратын әрекет. Әр қабылдаудың ішінде осындай сәнулердің толассыз ағымы болады. Қабылдаудан қиялға, қиялдан жаңғыртуға – ұзақ ауысу туралы әңгіме болуы да мүмкін емес, үздік, ажырау туралы әңгіме қозғау керек. Мен әуелгі пайда болуды, уақыт ағымын қадағалай алмаймын. Мен оларға тек қарай аламын. Қайталап елестету – керісінше, мен оны жылдам, баяу, шашыраңқы түрде іске қоса аламын. Екінші жағынан, қайталап елестету азды-көпті бұлыңғыр болуы мүмкін. Бұл өз ішіндегі уақыт объектісіне емес, менің өзімнің қабылдауыма байланысты. Елестетуде қателіктер болуы мүмкін. Болып өткен объективті процестің реттілігі елестету барысында бұзылуы ықтимал. Оның тек құрамдас мазмұны және басқа объектілермен байланысы ғана есте қалуы мүмкін. Еске түсіру «жаңғыртуға келетін нәрсені және осы шаққа «қазірдің» қатынасы деген ситуацияны анықтайды және сол естелік тиесілі әуелгі уақыттың кеңістігінің шегін нақтылап береді». Содан соң Гуссерль жаңғыртылған «қазір» мен өтіп кеткен «қазірдің» арақатынасын зерттейді. Ол қайталап еске түсірудің елесін ерекше атап көрсетеді. Еске түсіргенде біз күту фазасын жоғалтамыз, өйткені ол аяқталған. Еске түсірудің көкжиегі болашаққа бағытталған, яғни еске түсірілген болашаққа бағытталады. «Бұл – белгіленген көкжиек». Күту қабылдауда жүзеге асады. Бұл біз күтіп отырған құбылыстың дәл қазір қабылданатын құбылыстың түп-негізіне байланысты. Біз күтіп отырған дүние пайда болған кезде осы шақ өзіне қатысты өткен шаққа айналады. Еске түсіруді қабылданған нәрсенің санасы сияқты көруге болады.

Жаңғырту – жай ғана суреттер емес, оларда қайталап елестетудің өзіндік қасиеттері бар. Бірақ еске түсіруде пайда болудың сипаты сәл өзгерген, соған байланысты объект бұл жерде бар емес, болған деп саналады. Басқа жағдайларда мен өзіме жоқ «қазірді» елестете аламын. Ондай кезде мен еске түсірілген бейнені пайдаланамын, мен оны нақты емес бір жерде құрастырамын. Әсер бейнеден өзіндік ерекше қасиетімен айрықшаланады. Өткен шаққа сүңгігенде біз сәттердің өзіндік ерекшеліктерін сақтап қаламыз.

Жаңғырту объективті уақытты құрауға қатысады. «Біз ысырған әр сәтті жаңғырту арқылы еске түсіру уақытты сезінудің нәлдік нүктесіне айналдыра алады және ол қайталана береді». Осылай, бір ысырудан екінші ысыру аралығында объективті уақыттың санасы туындайды.





Кітап: Философияның таңдаулы 25 кітабы

Тарау: 3. Неміс философиясы

Дәріс: 19. Эдмунд Гуссерль (1859–1938)

### III. Уақытты және уақыттық объектілерді ұйымдастыру дәрежелері

Үшінші бөлім уақытты және уақыттық объектілерді ұйымдастыру дәрежелеріне арналған. Гуссерль бұл жерде алдыңғы сараптаманы кеңейтетін мәселелерді қарастырады. Ол объективті уақыт ішінде тәжірибелік затын, эмпирикалық уақытқа дейінгі басқа дәрежеде имманентті бірлікті құрайтын пайда болудың көптігін, уақытты құрайтын сананың абсолютті ағымын зерттегісі келеді. Біздің айналамыздағының бәрі бір сәттік нәрсе деп анықталғандықтан, өз алдына бөлек алған нәрсенің ұзақтығын тек бір процесте өзінің нүктесі бар фазасы деп түсінуге болады. Ұзақтық затты өзгерте алу қасиетімен сипатталады: «Ұзақтық барысында бір сәт болса да өзгермейтін нәрсені іздеу – құр мағынасыз әурешілік». Уақытты құрайтын ағым – абсолютті субъективтілік. Шынында да, «бірінен соң бірі» деген ұғым ғана объективті. Ағымға жазылып жатқан уақыт объектілері оның субъективті құрамдас бөлігі болады. Гуссерль өзі ары қарай дамытатын бірнеше ерекше жағдайды қарастырады: сана ағыны бірлігі және біруақыттық пен реттіліктің құрылымы; сананың ағыны құрылымы мен оны ұстап қалудың еселенген ниеті; жасалған имманенттік мазмұн, олардың айқындығы, өзгеруі мен тұрақтылығы; әсер және жаңғырту; заттарды және заттардың құбылыстарын ұйымдастыру; жасалған қабылдаулар мен бастапқы қабылдаулар; ішкі қабылдауды сыртқы қабылдауға шығару; ақырында, уақыттан тыс трансценденттіктің, әсіре-сезімталдықтың құрылымы.

#### Түсіндірме

Уақыттың бұл сараптамасын Гуссерль 1905–1910 жылдар аралығында жинақтаған толықтырулар мен қосымшаларда одан ары қарай жалғастырды. Содан соң оның шәкірті Мартин Хайдеггер Болмыс және уақытта жалғастырды. Бұл түсініктемеде біз Гуссерльдің XX ғасыр философиясына тигізген ықпалын айрықша атап көрсету үшін феноменология тұрғысындағы ой-толғауды тереңдеткіміз келіп отыр. Біз, уақытты құру үшін Гуссерль алдымен тек жеке сананың бастан кешкеніне жүгінетінін көре алдық. Бірақ бірте-бірте сараптама тереңдеп жүргізілген сайын ол интерсубъективтілік тақырыбын енгізеді, яғни уақыттың негізгі жұмысында басқаға орын береді. Гуссерльде интерсубъективтілік, праксис теориясы және рухтың өмірі трансценденталды құрылымның өзіндік мәселелер шеңберін құрайды. Оны жөнге келтіру жұмыс барысында көрінеді. Дегенмен айналасына бәрін шоғырландыратын негізгі нүкте «таза мені» бар субъективтіліктің абсолютті автономиясы, әйтсе де Гуссерль мен басқаның арақатынасы оның қызметінің өзегінде жататыны және оны жартылай анықтайтыны жөнінде мәселе көтереді. Бұл тұжырымдаманы оның шәкірті Альфред Шюц жалғастырады, ол феноменологияны таратып, атап айтқанда, англо-саксондық мемлекеттерде қоғамдық ғылымдардың осы бағытта жаңаша дамуына ықпал етеді. Мысалы, 1960 жылдардың соңында пайда болған Гарольд Гарфинкель және этнометодология. Шюц үшін, Гуссерль сияқты, адамның өзіне үйреншікті әлеміндегі негізгі әрекеттердің интерсубъективтілігі әлеуметтік өмірде, этикада және қоғамдық әрекет пен праксистің априори теориясында дәнекер болады. Юджин Финк пен Людвиг Ландгребе Фрибургта Гуссерльдің философия саласындағы еңбегін оның мұрағатын негізге ала отырып жалғастырды. Мерзімді басылымдарға шыққан оның еңбектері басқа тілдерге аударуға және жаңа зерттеулер жасауға түрткі болып отыр. Гуссерльдің ықпалы 1945 жылдан кейінгі Сартрдың және Мерло-Понтидің аттарымен байланыстырылған француз экзистенциализмінде сезіледі. Оның сыртында, Гуссерльдің қойған сұрақтары әлі күнге дейін

- Микель Дюфресн (эстетикалық тәжірибе),
- Поль Рикер (ерік теориясы, герменевтика),
- Ханс Георг Гадамер (герменевтика),
- Эммануэль Левинас (Құдай мәселесі),
- Анри Дюмери (діни тәжірибе),
- Энцо Пачи (табиғаттың перспективалары),
- Анна Тереза Тимьеньека (ойлап табу және жарату),
- Жак Деррида (тіл) және т.б. сияқты қазіргі философтардың еңбектерінде көтеріледі.